

Мұнайдың төгілуінің алдын алу және оған ден қою жөніндегі ұлттық жоспарды әзірлеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 маусымдағы N 876 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 мамырдағы N 406 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.04 N 406 Қаулысымен.

Каспий теңізі мен ішкі су айдындарының экологиялық жүйесін сақтаудың маңыздылығын ескере отырып Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі екі апта мерзімде заңдарда белгіленген тәртіппен "Мұнайдың төгілуінің алдын алу және оған теңіз бен Қазақстан Республикасының ішкі су айдындарында ден қою жөніндегі ұлттық жоспарды" (бұдан әрі - Ұлттық жоспар) әзірлеу үшін Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі, "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша), "ҚазТрансОйл" мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамы, Атырау, Маңғыстау, Қызылорда облыстарының әкімі өкілдерінің қатарынан жұмыс тобын құру туралы Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі өкімінің жобасын енгізсін.

2. Мұнайдың төгілуінің алдын алу және оған көңіл бөлу жөніндегі ұлттық жоспарды әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы құрылғаннан кейін) 1999 жылдың 1 қарашасына дейін мерзімде:

1) салалық ғылыми-зерттеу және жобалау институттарын, сондай-ақ мұнайдың төгілуіне қарсы күресуде тәжірибесі бар шетелдік компанияларды тарта отырып, Ұлттық жоспарды әзірлесін және заңдарда белгіленген тәртіппен оның жобасын Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсынсын;

2) Ұлттық жоспарға Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан

Республикасының теңіздегі және ішкі су айдындарындағы мұнай операцияларымен байланысты теңіз ғылыми зерттеулер жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" 1996 жылғы 5 маусымдағы N 693 және "Қазақстан Республикасының теңіздері мен ішкі су қоймаларында мұнай операцияларын жүргізудің тәртібі туралы ережені бекіту туралы" 1997 жылғы 27 қаңтардағы N 105 қаулыларына сәйкес әзірленетін мұнай операцияларын реттейтін нормативтік құқықтық актілерді енгізсін.

3. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі барлық мүдделі орталық атқарушы органдармен және ведомстволармен келісім бойынша, 1999 жылдың 1 тамызына дейін мерзімде Қазақстан Республикасының Халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық жөніндегі сараптамалық кеңесіне Қазақстан Республикасының 1971 жылғы мұнаймен ластауды өтеу жөніндегі халықаралық қор құру туралы халықаралық конвенция мен 1990 жылғы мұнаймен ластану кезіндегі дайындық, оған көңіл бөлу және ынтымақтастық жөніндегі халықаралық конвенцияға қосылуы туралы ұсыныс енгізсін.

4. "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" жабық акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, Қазақстанның аумағында жобаны қаржылық қолдау мәселесі жөнінде халықаралық қаржы ұйымдары мен донор елдерге өтінім жасасын және 1999 жылдың 1 шілдесіне дейін мерзімде Ұлттық жоспарды әзірлеуді қаржыландырудың тәртібі мен көздері бойынша ұсыныс енгізсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қ.К.Тоқаевқа жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі